

2012 жылдың қаңтар-наурыз айларында 1995 жылы туылған азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеу туралы

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімінің 2012 жылғы 13 ақпандағы № 11 Шешімі.
Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 21 ақпанда № 11-4-128
тіркелді

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Әскери міндеттілік және
әскери қызмет туралы» және 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан
Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы»
заңдарына сәйкес **ШЕШЕМІН:**

1. 2012 жылдың қаңтар-наурыз айларында «Жаңаөзен қаласының қорғаныс істері
жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне тіркеу жылы он жеті
жасқа толатын 1995 жылы туған еркек жынысты азаматтарды тіркеу өткізілсін.

2. Кент, село әкімдеріне:

1995 жылы туылған азаматтардың қалалық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің
шақыру учаскесіне белгіленген мерзімде келуін қамтамасыз етсін.

3. Меншік түріне қарамастан кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар және оқу
орындарының басшыларына ұсынылсын:

1) тіркеуге жататын азаматтарға оларды қалалық шақыру учаскесіне шақырғаны
туралы хабарлау және олардың уақытында келуін қамтамасыз ету;

2) әскерге шақыру жасына дейінгілерді әскери есепке қоюға байланысты
міндеттерді орындау үшін қажетті уақытқа жұмыс (оқу) орны мен атқаратын қызметі
сақтала отырып, жұмыстан (оқудан) босату.

4. «Қарақия аудандық орталық аурухана» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорнының бас дәрігеріне (келісім бойынша) төмендегі қызметтерді өткізу
ұсынылсын:

1) 1995 жылы туылған азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеу кезінде медициналық
куәландыру комиссиясына тәжірибесі мол маман-дәрігерлерді қатыстыру;

2) 2012 жылдың қаңтар-наурыз айларында шақыру учаскесіне тіркеуге алынатын
азаматтардың флюорографиядан, электрокардиограммадан өтуін, анализдер тапсыруын
, қан құрамын айыруын қамтамасыз ету;

3) азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеу комиссиясының маман-дәрігерлерін
қажетті дәрігерлік аспаптармен, рентген пленкамен, флюорографияға,
электрокардиограммаға арналған арнайы қағазбен қамтамасыз ету.

5. «Қарақия аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығына (келісім бойынша) төмендегі жұмыстарды өткізу ұсынылсын:

1) азаматтардың тіркеу учаскесіне келуін қадағалауды қамтамасыз ету;
2) азаматтардың шақыру учаскесіне тіркеуден жалтару әрекеттерінің жолын кесу.
6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н. Тәжібаевқа
ж ү к т е л с і н .

7. Осы шешім әділет органында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Ә. Дауылбаев

К Е Л І С І Л Д І :

Жаңаөзен қаласының қорғаныс
істері жөніндегі бөлім бастығы
Д . Қ о ң қ а е в

13 ақпан 2012ж.

«Қарақия аудандық ішкі істер бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы
Қ . Қ ұ с а й ы н о в

13 ақпан 2012ж.

«Қарақия аудандық орталық ауруханасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорнының бас дәрігері
Қ . Қ ұ р б а н б е к о в

13 ақпан 2012ж.